



Омар Болат Серікұлы,
ҚР Заң шығару институты Лингвистика орталығының
аға ғылыми қызметкері

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСІНДЕГІ (ЕРЕКШЕ БӨЛІМ) КЕЙБІР АУДАРМА СӘЙКЕССІЗДІКТЕРІ

Құжат тілінің едәуір бөлігін терминдер құрайтыны және оған қойылатын негізгі талап – термин бір ұғымды білдіріп, бірыңғай түсінілуге тиіс. Құжаттарды әзірлейтін қызметкерлер мен аудармашылар жаңа терминдерді және бұрыннан қолданылып жүрген немесе түрлі өзгерістерге ұшыраған терминдерді күнделікті жұмыста дұрыс қолдана білуі керек. Ұлттық заңнама терминологиясында шешімін таппай отырған өзекті проблемалардың бірі – ресми құжаттарда, тіпті, заңнамалық актілердің өзінде терминдердің бірізді болмауы. Ресми құжат жобаларының барлығы дерлік алдымен орыс тілінде әзірленіп, содан соң қазақ тіліне аударылатыны баршаға мәлім. Орыс тіліндегі мәтіндер жұмыс барысында бірнеше рет талқыланып, пысықталады. Ал қазақ тіліндегі мәтіндерде терминдер бірізділігінің сақталмауының бірден-бір себебі – орыс тілінде әзірленген ресми құжаттарды қазақ тіліне аудару жөніндегі күрделі жұмысты, яғни құжат мәтінінің қазақша нұсқасына жауапкершілікті аудармашыға жүктей салу. Тиісті саланың мамандары оқып-тексермеген терминдер аудармашының ғана ой-өрісіне байланып, кейбір өрескел қателер кетіп жататыны да осыдан. Сондай-ақ, аудармашылардан құжаттардың жедел дайындалуын талап ету заң терминдерінің бірізді, ал кейбір жағдайларда мәтіндердің теңтүпнұсқалы болмауына әкеп соғады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) «Тауар жеткізілімі» деген 3-параграфында жекелеген терминдер бірізді қолданылмаған, ал кейбір сөйлемдер мүлдем қате аударылған.

Кодекстің 3-параграфымен қамтылған 458-477-баптардың мәтіндерінде «поставка товара» және «договор поставки товара» деген сөз тіркестері тиісінше «тауар жеткізілімі», «тауар беру» және «тауар жеткізілімі шарты», «тауар беру шарты» деп әртүрлі аударылған.

Сондай-ақ, «Тауарларды таңдау» деген 468-

баптың 2 және 4-тармақтарында «после получения уведомления поставщика о готовности товаров» деген бірдей тіркес «тауар берушінің тауарлар дайын деген хабарын алғаннан кейін» және «тауар берушінің тауарлардың дайын екендігі туралы хабарын алғаннан кейін» деп екі түрлі болып берілген.

Осы 468-баптың 4-тармағы дұрыс аударылмаған. Орысша мәтіні: «4. Невыборка покупателем (получателем) товаров в установленный договором поставки срок, а при его отсутствии - в разумный срок после получения уведомления поставщика о готовности товаров, дает поставщику право отказаться от исполнения договора либо потребовать от покупателя оплаты товаров».

Қазақша былай деп қате аударылған: «4. Сатып алушының (алушының) *шартта белгіленген тауар жеткізілімі мерзімінде, ал ол болмаған кезде* - тауар берушінің тауарлардың дайын екендігі туралы хабарын алғаннан кейін қисынды мерзімде тауарларды *таңдамалы* тауар берушіге шартты орындаудан бас тартуға *немесе* сатып алушыдан тауарларға ақы төлеуді талап етуге құқық береді».

Дұрыс нұсқасы: «4. Сатып алушының (алушының) *тауар жеткізілімі шартында белгіленген мерзімде, ал мұндай шарт болмағанда* - тауар берушінің тауарлар дайын екені туралы хабарын алғаннан кейін қисынды мерзімде тауарларды *таңдамауы* тауар берушіге шартты орындаудан бас тартуға не сатып алушыдан тауарларға ақы төлеуді талап етуге құқық береді».

Сонымен қатар, Кодекстің 474-бабының тақырыбы мен мәтініндегі «просрочку поставки товара» деген сөз тіркесі тиісінше «тауар беруді кешіктіргені» және «беруді кешіктіргені» деп, ал 475-баптың тақырыбы мен 2-тармағындағы «по нескольким договорам поставки» деген сөз тіркесі тиісінше «тауар берудің бірнеше шартта-

ры» және «тауар жеткізілімінің бірнеше шарттары» деп екі түрлі болып жазылған. Сондай-ақ, 475-бапта «одноименные товары» деген сөз тіркесі «аттас тауарлар» деп қате аударылған.

Сонымен қоса, лингвистикалық талдау барысында 476-баптың 2 және 3-тармақтарында «нарушение договора поставщиком» және «нарушение договора покупателем» деген сөз тіркестері тиісінше «тауар берушімен шарттың бұзылуы» және «сатып алушымен шарттың бұзылуы» деп, ал 4-тармағы «Тараптардың келісімімен *шартты орындаудан немесе оны біржақты өзгертуден біржақты бас тартудың* өзге де негіздері көзделуі мүмкін» деп қате аударылған. Бұл тармақтың орысшасы: «4. Соглашением сторон могут быть предусмотрены иные основания одностороннего отказа от исполнения договора или одностороннего его изменения». Дұрыс нұсқасы: - «4. Тараптардың келісімімен *шартты орындаудан біржақты бас тартудың немесе оны біржақты өзгертудің* өзге де негіздері көзделуі мүмкін» деп жазылуы керек, өйткені осы баптың 1-тармағында: «1. Тараптардың біреуі (осы Кодекстің 401-бабы 2-тармағының екінші бөлігі) шартты елеулі түрде бұзған жағдайда шартты (толық немесе ішінара) *орындаудан біржақты бас тартуға немесе оны біржақты өзгертуге* жол беріледі» делінген.

Орыс тілінде әзірленген ресми құжаттарды қазақ тіліне аударумен айналысатын маман-

дар үнемі қолданыстағы заңнамаға сүйеніп, оны басшылыққа алады. Ал, қолданыстағы заңнамалық актілерде жекелеген терминдер мен сөз тіркестерінің әртүрлі жазылғанын, сондай-ақ кейбір сөйлемдер мағынасы бұрмаланып, мүлдем қате аударылғанын жиі кездестіруге болады. Сол себепті, бүгінгі таңда, кез келген мемлекеттік органның басшылары заңнамалық актілер жобаларының қазақ тіліндегі мәтіндерінің сапалы болуына айрықша назар аудара отырып, мемлекеттік тілге барынша қолдау көрсетуі керек. Осы тұрғыдан, құжаттарды мемлекеттік тілде әзірлеу жұмысын аудармашыларға ғана жүктей салуды, қазақ тілін аударма тіліне айналдыру процесін тоқтату мақсатында олар кез келген ресми құжатты, заңнамалық актілердің жобаларын әзірлеумен айналысатын өз қарамағындағы қызметкерлерден қазақ тілін жетік білуді талап етуі қажет. Құжаттың мемлекеттік тілдегі мәтініне аудармашы ғана емес, құжатты әзірлеуге жұмылдырылған барлық қызметкерлер мен олардың басшылары жауапты болуға тиіс. Сондай-ақ, мемлекеттік органдарға білімді әрі білікті аудармашы-мамандарды тарту үшін оларға әлеуметтік көмек көрсету (қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету, мектеп жасына дейінгі балаларын мемлекеттік балабақшаға орналастыру, жалақы мөлшерін арттыру және т.б.) қажет деп есептеймін.

Қолданылған әдебиет

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім) // «Заң» ДҚ. 10.02.2012.



Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тілдегі мәтіндерінде мағыналық, грамматикалық, сондай-ақ лингвистикалық-стилистикалық қателерге жол бермеу үшін құжаттың қазақ тіліндегі мәтінінің сапасына аудармашы ғана емес, оны әзірлеуге жұмылдырылған барлық қызметкерлер және олардың басшылары жауапты болуға тиіс.

Во избежание смысловых, грамматических, а также лингвистических-стилистических ошибок в текстах нормативных правовых актов на государственном языке за качество текста на казахском языке должны нести ответственность не только переводчик, а все сотрудники, привлеченные на разработку документа и их руководство.

In order to avoid semantic, grammatical and linguistic-stylistic errors in the texts of legal acts in the official language, all employees involved in the drafting of the document and their management should be responsible for the quality of the text in the kazakh language, but not only translators.

Түйін сөздер: Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім), аударма сәйкессіздіктері, шешу жолдары.

Ключевые слова: гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть), несоответствия перевода, пути решения.

Keywords: the Civil Code of the Republic of Kazakhstan (Special part), discrepancy of translation, solutions.